

СПАНДИЯР КӨБЕЕВ “ҚАЛЫҢ МАЛ” РОМАНЫНДАҒЫ ӘЙЕЛ ТЕҢСІЗДІГІ

Рахматуллаева Тұрғынай Абдурашид қызы

ШМПУ Бастауыш білім бағыты 3-курс студенті

Ғылыми жетекшісі: Байзаков Жандос Абдазимович

Аннотация: Бұл мақалада “Қалың мал романындағы, бай болыстар мен билердің, момын елге істеп отырған көптеген әділетсіздігі, әйел теңсіздігі жайлы сөз жүрітілді.

Кілт сөздер: Қалың мал, бай, болыс, момын, теңсіздік, ұстаз, педагог, әдеп, сараң, тағдыр, шілдеhana.

Annotation: This article talks about the many injustices and inequality of women in the novel "Kalyny Mal" by the rich bolys and princes, who are doing to the meek country.

Key words: Thick cattle, rich, generous, meek, inequality, teacher, pedagogue, manners, miser, fate, July house.

Кіріспе бөлім: Спандияр Көбеев 1878жылы 1 қазанда Мендіқара ауданында дүниеге келген. Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері Қазақыстанның еңбек сіңірген мұғалімі. Ұлы ұстаз педагог Ыбрай Алтынсарин ашқан мектепте тәлім алады, ол мектепті бітірген соң Қостанай қаласындағы мұғалімдер дайындайтын 2 жылдық курсты оқып бітіреді. Құс ұясында нені көрсе соны істейді демекші Спандияр Көбеев ұстазы Ыбырай Алтынсарин секілді халқының сауатын ашуды, өз білімін халық ағарту жұмыстарына жұмсауды көздейді. Өз дәуіріндегі әділетсіз байлар мен момын кедейлер арасындағы әлеуметтік теңсіздікке қарсы күресуді көздейді. Сол себептіде бүкіл өмірін

мұғалімдікке арнайды. Мұғалімдік қызметінің алғашқы жылдарында И.А.Крыловтың мысалдарын аударып, сабақтарда қолдана бастайды.

Негізгі бөлім: Ұстазы Алтынсарин ізімен балаларға арналған оқу құралын жазуды қолға алады. Сөйтіп жүріп өз заманындағы бай болыстардың арқасында болып жатқан әділетсіздіктерге күресті мақсат етіп, қазақ елінің білім алуға бар күшін жұмсайды. Ойлана келе тек сауат ашумен жұмыс бітпейтінін түсінген Спандияр Көбеев көркем әдебиет үлгісін жазуға кіріседі. Сол себепті “Қалың мал “ романын жазады. Бұл роман көмегімен адамдар санасына күштірек әсер етуді көздейді. Шығармадағы кейіпкерлерге әр түрлі мінездеме беру арқылы, сол дәуірдегі адамдарды сипаттай көрсетеді. Қазақ халқының басынан өтіп жатқан түрлі жағдайларды ашып көрсете білген. Романың негізгі кейіпкерлерінің бірі Ғайша 14жасар, ақылына көркі сай, білімге құштар әдепті қыз, сол дәуірдегі әділетсіздік, бассыздықтың құрбаны болғанын, басынан көптеген қиыншылықтар кешкенін көруімізге болады. Тағдыр тауқыметіне салынған қыз, өз болашағы үшін күресіп, сүйген адамына жетуге тырысады. Ғайшаны дүниекөр әкесі қалың малға сатуға бел байлайды. Сараң байлық, ақшақұмар Итбай қызының не жасын, не көңілін есепке алмайды. Қызының болашағын емес тек өзінің қарабасын ойлап ”Егер Ғайшаны айттыра келген болса, бие сұрасам ба екен? болмаса таза мың теңге ақша сұрасам ба екен?...” - деп Ғайшаны 60 жастағы Тұрлығұл деген байға бермек болады. Үйге келген қонақтарды көріп “Бұлар Тұрлығұл байға біздің Ғайшаны айттыра келген шығар, қазыны бұзбай сал деп “ әйеліне озбырлана түседі.

Мұндағы Тұрлығұл мейірімділік ізгілік, махаббат дегеннен жұрдай, жүрегі тас ашкөз бай еді. Ақиқатқа емес өрісіндегі малына сеніп қалған қарт кісі, бәйбішесі қайтқасын, жас әрі көрікті кедей қызын өзіне айттырады. Сөз арасында “маған бермесе, малға береді ғой” деп кіжінеді. Спандияр Көбеев сол дәуірдегі байлардың басшылықта отырғандардың, іс әрекетінің қандай екенін, халықтың пайдасын емес тек өздерінің нәпсін тойдыруға қызмет ететінін ашық көрсете білген. Тұрлығұлға сипатында “Ұзын бойлы, мес қарын, түксиген

қалың қабақты, көп сөйлемейтін, жалпақ мұрын, қарсы келген адамын қаймыққандай елгезәбірлі көршілеріне мазаң, қатты мінезді адам” деп суреттеледі. Бұл қарт шал өз нәпсі үшін, қыздың не жасына, не сезімдеріне мән берген жоқ. Қызын үлкен жастағы қарт шалдың айттыра келгенін естіген анасы жолдасына сөзі өтпей, қызының тағдырына алаңдаулы күйде “Шалға барып қалай адам боласын “ - деп қаншама күндерін жылаумен өткізді. Өзінің шарасыздығын сезінген Ақсулу “Қызымау сен бір шіріген жұмыртқа болдыңой” - деп жылай береді. Бұл жағдайдан көруімізге болады сол дәуірдегі әйел затының еркі өз қолында болмағанын, байлардың қалауының құрбаны болып қала берген екен. Мұндай әділетсіздікке шыдамаған Ғайша, әкесінің істеп жатқанына шарасыздана мұңды дауыспен былай дейді:

Әй аға шыныменен шалға беріп,
Ғайшаңның теңін таппай малға беріп,
Жиналған ағайынға отырғаның,
Біреудің бақ дәулетін қызық көріп.
Он сорлы екі-үш күн отқа түскен
Отырға ажал жетпей қалуға өліп,
Жүрегім басым дал боп ішім күйіп,
Қайғылы уайымды шаттық сөніп
Қор болу қиын емес екендігін
Түсініп есіме алдым бүгін біліп,
Теңімнің қатарына ұзақ тұрмай,
Жүремін бірге қалай ойнап күліп,
Бұл кезде көңлім суып бойым мұздап.
Тұруға шыдамда жоқ, тұруға ілініп,
Ғайшаның ұзақ жатыр жырлар күні,
Халықтың “бұл қалай” деп сынар күні,
Ескермей ешбір нәрсе жүруші едім,
Барма екен қасірет, қапа шығар күні,

Ғайшаның теңі қайда, елі қайда?
Кешегі уайымсыз күні қайда?
Қалқамдың сүйгеніне берем дейтін,
Әкенің жан ашырлық сөзі қайда?
Көз жасы ренжісіме қалармысың?
Балаңды от пен суға салармысың?
Болмаса жаның ашып жалғзыңды.

Айырып жау қолынан алармысың? - деп зарлана жылаған екен, бірақ әкесі қыздың мұңына мән берген жоқ. Тек өзінің байлыққа жетуін тездеткісі келе берді.

Бұл романнан әйел теңсіздігін, қайғы мұңын көруімізге болады. Ия ол заманда тек Ғайша емес, бірнеше әйел адамдарының Ғайшаның тағдыры секілді күй кешкенін білуімізге болады, оны Серғазының үйінде болған шілдеханада, өз мұңын төге айтқан Ғайшаның өлеңіне сонда отырған бірнеше әйелдердің жылап отырғанын байқаймыз. Мұнда жылаған әйелдердің көбі мал күшімен амалсыз келгендер еді. Сол дәуірде әйелдердің өз бостандығы болмаған. Роман соңында Ғайша өз қайсарлығының, батылдығының арқасында өз сүйгенімен бірге болады. Басына қаншама қиын күндер тусада өз сезіміне адал тұра алады. Спандияр Көбеев роман соңын жақсылықпен аяқтаған. Ол әйел-қыздардың болашағын, жақсы күндер болуын арман еткен. Ия қазіргі күнде сол арманы орындалғанын көруімізге болады. Қазіргі күнде әйел-қыздарымыз өз ойын айта біледі, өз қалауларын жасай алады. Не білім алуда болсын, не болмаса жұмыс барысында болсын өз қалауларын жасай алады. Өздері қалаған, көңілі ұнатқан адаммен отбасы құрып нағыз әйел бақытына жетіп жүрген қаншама әйелдеріміз бар. Оған мысал етіп мына бір оқиғаны айтуымызға болады. Бір жас көріктіде, ақылды 18 жасар студент қыз бір жігітке ғашық болыпты. Танысып тілдесіп, сөйлесе бастапты, бір-бірлеріне сезімдері күшейе түскен екі ғашық, ата-аналарының разылығын алып тұрмыс құрыпты. Екі ғашық көптеген күндерін ыстық махаббатпен өткізеді. Сондай күндердің бірінде екі жас сөзге келіп

қалыпты. Сүйіктісінің қатты сөзіне шыдай алмаған қазақ қызы, ақыр соңында төркініне кетіп қалады. Өз ренжісін көңілінен өшіре алмай біраз күндерді өткізеді. Ақыр соңында жұмыспен айналыса бастайды, сол жұмыста бір өзбек жігіті қызды ұнатып қалады. Қыз көңіліне қарап ,өзіне қарата білген өзбек жігіті, қызды үйленуге көндіреді. Жігіт қыздың өткен тағдырынан хабарсыз еді. Ұлдарының үйленуіне қуанған ата анасы, тұған туысқандарын дос жарандарын жиып, дүбірлі той жасайды. Сол кезде де қыздың өткен тағдырынан ешкім хабарсыз еді. Солай қыз, өзбек жігітінің жанұясында өз келіндік қызметін атқарып жүреді. Екі жас перзентті болуды арман етіп біраз күндерін өткізеді. Алланың жазған тағдырымен екеуінің ортасында перзент болмайды. Солай күндер өте береді, сол уақытта қыздың бұрынғы махабаты еске түсіп, бұрынғы жолдасымен табыса бастайды. Ақыр сөңында бұрынғы жолдасымен шет елге қашып кетеді. Сонда өз өмірлерін жалғастырып, бірнеше перзентті болады. Міне қазірде әйел теңсіздігі қай дәрежеде екенін осы бір кішігірім оқиғадан білуімізге болады.

Қорыта айтсақ бұл романнан сол бір заманда қазақ елінің, әсіресе кедейлердің басынан өткен қиыншылықтарын байқаймыз. Әйелдер өте қиын заманның тоғысына ұшыраған, өз бас бостандыға болмаған. Кедей перзенттері, қыз балалары, бай болыстардың қолында бір зат секілді болған. Бай адамдар өз дүниесіне сеніп, көптеген жас қыздарды өз нәпсі үшін пайдаланған. Көптеген әйелдер қалың мал құрбаны болып қала берген. Мұндай жағдайдан ешкім таңырқамаған, себебі елге тізесін батырып отырған озбыр байлардың қалаулары болып, қалыпты жағдай болып қала берген. Қара халықтың мұңын тыңдайтын адам болмаған. Бәріде өз пайдасы үшін биліктегі адамдарға, байларға жағымпаздана сөйлеп, не айтсада мақұлдаумен күн кешірген.

Пайдаланылған әдебиетер тізімі:

1. Х.Сүйіншәлиев «Қазақ әдебиетінің тарихы» Алматы 2006
2. Бес ғасыр жырлайды Алматы 1989
3. Н.Келімбетов «Ежелгі дәуір әдебиеті» Алматы 2005